

Сыныптан тыс тегін үйірмелердің мәліметі

№74 жалпы білім беретін мектебінде тәрбие саласының жоспарына сәйкес сыныптан тыс 23 тегін үйірмелер директор мөрімен құрылып бекітілген.

1. Қазақ тілі пәні бойынша Байжиенова Айгерім апай тақырыбы «Мәнерлеп оқу»
2. Қазақ тілі пәні бойынша Ажибаева Ақбөпе апай тақырыбы «Шешендік қасиетті өнер»
3. Қазақ тілі пәні бойынша Анарбаева Айнур апай тақырыбы «Асыл сөз»
4. Орыс тілі пәні бойынша Бегалиева Аружан апай тақырыбы «Выразительное чтения»
5. Математика пәні бойынша Қазбекова Гүлбақыт апай тақырыбы «Математика – ақыл ойдың гимнастикасы»
6. Математика пәні бойынша Дәуленова Аяулым апай тақырыбы «Математика – ақыл ойдың патшасы»
7. Математика пәні бойынша Айтқұлова Аида апай тақырыбы «Қызықты математика»
8. Химия пәні бойынша Жумасаева Гулдария апай тақырыбы «Жас химиктер»
9. Биология пәні бойынша Белходжаева Айман апай тақырыбы «Жасыл желек»
10. Физика пәні бойынша Базарбаева Саёра апай тақырыбы «Қызықты физика»
11. Технология пәні бойынша Райымбеков Қайрат ағай тақырыбы «Ағашты қолөнермен өңдеу»
12. Информатика пәні бойынша Ажиходжаева Гулзия апай тақырыбы «Роботты техника негіздері»
13. Ағылшын тілі пәні бойынша Орынбаева Айжахан апай тақырыбы «funny English»
14. Ағылшын тілі пәні бойынша Балағазиева Айнұр апай тақырыбы «Ағылшын тілін үйренейік»
15. Технология пәні бойынша Тастемирова Гүлнұр апай тақырыбы «Шебер қолдар»
16. Музыка пәні бойынша Кемелбекова Мария апай тақырыбы «Музыка әлеміне саяхат»
17. Тарих пәні бойынша Искендір Құрманғазы ағай тақырыбы «Жас тарихшылар»
18. Дене тәрбиесі пәні бойынша Ахметов Алмас ағай тақырыбы «Волейбол»
19. Дене тәрбиесі пәні бойынша Ахметов Алмас ағай тақырыбы «Баскетбол»
20. Дене тәрбиесі пәні бойынша Ахметов Жандос ағай тақырыбы «Волейбол»
21. Дене тәрбиесі пәні бойынша Абдрашев Олжас ағай тақырыбы «Шахмат»

22. Дене тәрбиесі пәні бойынша Абдрашев Олжас ағай тақырыбы «Дойбы»

23. Дене тәрбиесі пәні бойынша Сейтжанов Дәурен ағай тақырыбы
«Футбол»

Сыныптан тыс үйірмелердің түрлерінде сабақтың ережелермен заңдылықтарын сақтай отырып оқушылардың қызығушылығын белсенділігін шығармашылықта талпыныстарын арттыру мақсат етіп қойылады.

Сыныптан тыс үйірмелерде педагогтың жетекшілік және ұйымдастырушылық міндеті сақталады, мұғалім оқушының бағытының дұрыс жүруін және жеке басының дамуын қадағалайды. Сабақтың заңдылықтарын меңгерумен қатар көркемдік білім және эстетикалық тәрбие береді аталған жұмыстар барысында алған біліктілік іскерлік дағдыларын одан әрі шыңдай түседі.

Қашанда баланың сабақтан бос уақыттағы іс – әрекеті әлеуметтік ортасы, жеке басының мәселелері тек ата – ананы ойландырып қоймай сонымен қатар бұл мәселе мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты назарда болатындығы белгілі. Жасөспірім мектеп қабырғасында болсын немесе одан тыс уақытта болсын өзін қоршаған ортадағы болып жатқан құбылыстар іс-әрекеттерді талғамсыз қабылдауы мүмкін, өйткені өмірде педагогикалық дәлелденгендей жеке тұлға тәрбиесіне әлеуметтік ортаның әсері зор.

Сондықтан да сыныптан тыс үйірмелер арқылы оқушылардың сабақтан бос уақытын үнемді пайдалы ұйымдастыруына жағдай жасауға болады.

Сыныптан тыс үйірмелерге жетекшілік ету үшін алдын ала іс-шаралардың жоспарын тақырыптарын белгілеп құрып алу қажет.

Мұғалімнің міндеті үйірме жұмыстарын көп оқушыларды тарту және жұмысты ұйымдастыра білу болып табылады. Әдетте үйірме 15-25 оқушыдан топтастырылады, әр топ жас ерекшеліктеріне байланысты жинақталады. Үйірме жұмыстарының тағы бір ерекшелігі, ол сыныптағы сабақтарына қарағанда үйірме сабақтарына көп уақыт бөлінеді. Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру барысындағы осы ерекшеліктер сыныптан тыс жұмыстардың оқу-тәрбие міндеттерін нәтижелі орындауға мүмкіндік жасайды.

Әр үйірмеде ой – пікірлері біріккен шағын ұжым көрінісін табады. Ол ұжымда жекелеген ұйымдастыру мәселелеріне жауап беретін үйірме басшысы сайланады. Үйірме мүшелерінің мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы көзделеді. Үйірме жұмысының жетістігі көбінесе оны дұрыс ұйымдастыру мен жоспарлауға байланысты болып табылады.

Орындаған: Педагог – ұйымдастырушы А.Пейсенова.